

## Астана қаласы мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығаруының 35 жылдығына орай қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы

Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 7 наурыздағы № 150/19-VIII шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2024 жылғы 18 наурызда № 1372-01 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 55-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес Астана қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 5-бабының 2), 3), 4), 5) тармақшаларында көрсетілген басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне және Ауғанстанда әскери қызмет өткеру кезінде алған жарапану, контузия, мертігү немесе ауыру салдарынан мүгедектігі анықталған әскери қызметшілерге кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығаруының 35 жылдығына орай (2024 жылғы 15 ақпан) 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы

E. Каналимов